



Бастау

Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая
газета. Издаётся с 28 июня 1999 года

№ 15 (861)

17 сәуір 2015 жыл

Жұма

«Менің Қазақстаным» поезы Үштөбеде

Өткен дүйсенбіде Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған ақпараттық-насихатпоезы Үштөбе стансасына келіп тоқтады. Жергілікті тұрғындар алыстан ат терлетіп келген қонақтарды думандата, ән-шашумен қарсы алды. Жолаушылар құрамының қатарында денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, мәдениет және өнер өкілдері, банк секторы мен ауыл шаруашылығы саласының мамандары бар. Осы сапар барысында қараталдықтар өзекті мәселелер бойынша тиісті мамандардан кеңес алды. Ақция қатысушылары халықты барынша кеңінен қамту үшін бірнеше секцияға бөлініп жұмыс істеді.

В середине марта в Казахстане стартовала республиканская акция «Поезд «Менің Қазақстаным» (Мой Казахстан), приуроченная к 20-летию юбилею Ассамблеи народа РК, 20-летию Конституции и юбилею Великой Победы. Начальной станцией стала столица республики. За 30 дней поезд посетит 29 населенных пунктов Казахстана и 22 апреля возвратится в Астану. В составе поезда – деятели культуры и спорта, медицинские работники, работники социальной сферы, банковские служащие.

В минувший понедельник поезд прибыл в Уштобе. Встреча, превратившаяся в настоящий праздник, подобного которому в районном центре не было уже довольно давно, состоялась на вокзале. Десятки уштобинцев еще задолго до прибытия поезда заполнили ярко украшенный перрон в ожидании исторического момента. И вот праздничный поезд плавно остановился, и в шум ликующей толпы ворвались аккорды торжественного марша, которым были встречены высокие гости.



Встреча на вокзале

«Менің Қазақстаным» атты үгіт насихат поезымен ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің өкілдері де келді. Олардың қатарында А. Туранова – ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің еңбек, әлеуметтік және көші-қон комитетінің бас expertі, Б. Мұқашева – мониторинг және базалық құжаттарды актуалдандыру бөлімінің маманы, А. Дандыбаева – Бақылау және әлеуметтік қорғау департаментінің зейнетақы қамсыздандыру бөлімінің басшысы, Е. Өмірзақов – Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік



Заседание общественной приемной

От имени всех каратальцев прибывших приветствовал аким района Кайрат Бисембаев:

– Для нас большая честь – встречать поезд «Менің Қазақстаным» на священной земле Каратала, – подчеркнул Кайрат Аширалиевич. – Мы стоим на пороге 20-летия Ассамблеи народа Казахстана, созданной нашим Президентом и 20-летия Конституции. Мы всегда помним о ратных подвигах наших ветеранов, благодаря которым живем под мирным небом. Сегодня они тоже пришли сюда, чтобы встретить вас, дорогие гости, в нашем гостеприимном районе. После этого, К. Бисембаев вместе с секретарем раймаксхата Б. Смаиловым вручили ветеранам войны юбилейные медали и памятные подарки. Здесь же, в торжественной обстановке звания «Почетный гражданин Каратальского района» были удостоены: депутаты Мажилиса Парламента РК Роман Ким и Ахмет Мурадов, доктор философских наук Газиз Телебаев, а также народные артисты Казахстана Ескендір Хасангаалиев, Татьяна Бурмистрова, Нагима Ескалиева, Нургали Нусипжанов и Женис Сейдоллаулы.

От имени гостей выступили Г. Телебаев, Р. Ким, а Е. Хасангаалиев порадовал многочисленных каратальских поклонников песней, исполнив ее без аккомпанемента. По окончании торжественной встречи прибывшие пассажиры поезда «Менің Қазақстаным» продолжили, но уже на местах, свою работу. Следует отметить, что в этот день, (почти в одно время) в городе прошла целая серия больших мероприятий.

Через час после прибытия поезда, в районном акимате начала работу общественная приемная Совета общественного согласия, куда граждане обратились с вопросами, связанным со строительством автодорог, продолжением ремонта сельских Домов культуры, выделением самостоятельного здания для районной библиотеки, жильем. Председатель Талдыкорганского регионального филиала Ассоциации «Барбанг» курдов РК Мамуч – Оғлы Али Сулейманов просил депутатов оказать содействие в открытии Дома дружбы в Каратальском районе.

В тоже время, в центральной районной больнице осуществляли прием детей и взрослых медики, среди которых ведущие научные сотрудники Астаны и Алматы – доктора наук, профессора, кандидаты медицинских наук, врачи высшей категории. Кроме того, консультативная помощь населению оказывалась в отделах занятости и социальных программ (по вопросам занятости, пенсионного обеспечения, защиты трудовых прав, оказания социальной помощи и т.д.) юстиции (по вопросам технической инвентаризации, регистрации имущества, актов гражданского состояния, адвокатуры и т.д.)

бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары, А. Югоспаева - Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы көші-қон бөлімінің басшысы. Келген қонақтардың алдына зейнеткерлер Годунова Анна, Кравченко Галина, Лапердин Борис, Шоқпарбаев Қуантай - зейнетақысын қайта қарау мәселесімен, Ли Евдокия Дексенова (зейнеткер, І топ мүгедегі) төсек тартып жатқан мүгедектердің күтушілеріне жәрдемақы төлеу туралы ұсынысымен, жұмыссыз азаматтар Некрасова Юлия мен Әкия Серікжан, көп балалы аналар Мұнайгасова Роза мен Мусапирова Зауре тағы басқалар (барлығы 14 адам) өз проблемалары бойынша сұрақтарын айтты. Ел мүддесін өз мүддем деп түсінетін мамандар бірқатар мәселелердің оң шешілуіне себепші болса, біраз сұрақтар бойынша қолданыстағы заңнамаларға сәйкес түсініктеме беріп, ал біразын жоғары тұрған басшылыққа жеткізілетіні айтылды.

В отделе сельского хозяйства Каратальского района представителями национальной палаты предпринимателей, фонда «Даму», АО «КазАгроМаркетинг», Фонда финансовой поддержки сельского хозяйства и банков второго уровня проводились консультации, разъяснительные работы. Прибывшие специалисты отвечали на вопросы начинающих предпринимателей, фермеров и тех, кто планирует открыть свой бизнес, но не знает с чего начать. В основном, вопросы касались таких госпрограмм, как «Инвестор-2020», «Дорожная карта бизнеса-2020», «Агробизнес-2020», «Старт Ап», «Мурабаха», «Сыбаға» и многих других. Кроме этого специалисты подробно рассказали о грантовом финансировании, сервисной поддержке ведения бизнеса, документировании а также капельном орошении посевов.

Келген қонақтардың бір шоғыры Үштөбе балалар үйінде қонақ болып, «Жетім көрсен, демей жүр» - дегендей, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың көңілдеріне медет, өмірлеріне шуақ сыйлады. Тәрбиеленуші балалар келген меймандарға тапнақ айтып, тәрбиелеушілерімен қосылып ән айтып, бар өнерлерін ортаға салып бақты. Бірінші болып сөз алған ҚР Парламенті Мәжіліс депутаты, Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі Ахмет Мурадов туған ананың ыстық алақанын, өкениң бірауыз жылы сөзін естуді армандап жүрген балаларға бір күн болса да кең жүрегімізді, мейірім мен махаббатымызды сыйлайық, бала болашағымыздың



На приеме у врача-уролога - Дуз-Оғлы Зинаида



Прием в каратальском райсовете

кепілі, сондықтан балалар қамқоршылар мен тәрбиеленушілердің жылы қабағын, ыстық мейірімін сезініп, жанарларын мұң шалмай, алаңсыз өссін деді. Сонымен қатар Ахмет Сейдахманұлы үрмелі шарлар арқылы залдың төбесіне әдемілеп қасиетті қазақтың шаңырағын орналастырып, сахнаны қазақи болмыста безендірудің астарында үлкен мән жатыр, яғни сан ұлттың баласын бөліп – жармай өсіріп жатқан қазақ еліне деген шексіз



Консультации по юридическим вопросам

ризалығын жасыра алмады. Сондай-ақ мекеменің ұжымына, бүлдіршіндерге мәре-сәре болып, мерекелік кеш сыйлап, ерекше ілтипатпен есік ашып, төрге шығарғандары үшін алғыс айтып, еңбектерінің жемісті болуын тіледі. Келесі кезекте ортаға шыққан Республикалық ұйғыр этнобиблистегінің ана мен бала Кеңесінің төрайымы Санат Беширова ауданымыздың әртүрлі ұлт өкілдерінен құралса да ұйымшыл, ауызбірлігі жоғары, қонақжай халқына басымды ием дей келе, «жәудір көз балапандарға шексіз аналық мейірімді, ыстық ықыласымды жолдаймын. Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға пана болып отырған мекеменің басшылығына, ұжымға айтар алғысым шексіз», - деді. «Балалардың киім көк, тамағы тоқ, уайымы жоқ, әдемі, көркем, өнерлі, екбекқор болып өсіп жатқанына қуаныштымын, бұл балалардың тағдырына бей – жай қарауымызға болмайды, осы балалар болашақта еліміз бен жеріміздің иесі, ертеңіміздің айнасы, сондықтан қазірден бастап әрбір баланың ішкі жан дүниесіне үңіліп, оларды күн сайын қуанта берейік», - дей келе, ата-ана мейірімінен шет қалған сәбилерге арнайы сыйлықтарын үлестірді. Кеш соңында мекеме басшысы Назкен Игембаев қадірлі қонақтарға ұжым атынан алғысын білдірді. Мәртебелі қонақтар балалармен естелік суретке түсті.

(Окончание на 4 стр.)

Мерей

ІСІМЕН ТАНЫЛҒАН АЗАМАТ

Халық алдындағы зор жауапкершілігі мен мерейлі міндетін шынайы сезінетін азаматтың адамгершілік өлшемі – адал қызметі ғана. Ел мен жері маңдай терін ағызып, еңбек еткен азаматын қашанда ардақ тұтады. Киелі өңірдің гүлденуіне елеулі үлес қосып, дамыту даңғылында дамыл таппайтын есіл ердің ертеңі жарқын, болашағы кемел. Осындай азаматтардың бірі бүгінде аудан әкімі міндетін абыроймен атқарып жүрген Бисембаев Қайрат Өшірәліұлы.

Үш жоғары оқу орнын тәмәмдаған азамат құрылыс инженері, заңгер және сарапшы-бағалаушы мамандықтарын игерген. Еңбек жолын «Торгай-сельхозводопровод» мекемесінің шебері болып бастаған Қ. Бисембаев әр жылдары комсомол комитетінің хатшысы, ауылдық округ әкімі болып, ірі мекемелерді басқарған. Соңғы жылдары Астана қаласы бойынша Мемлекеттік сәулет – құрылыс бақылау және лицензиялау департаментінің басшысы болды. Сол аралықта 2005 – 2009 жылдары Қаратал ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарып, жүйелі істерінің нәтижесінде - ұйымдастырушылық қабілетінің жоғарылығымен, іскерлік, табандылық қасиетімен ауданда өзіндік ізін

қалдырып, елге білгір маман ретінде танылды. Ол аудан экономикасы мен әлеуметтік салаларының көкейтесті мәселелерін аса білімді, білікті және парасатты деңгейде шешуге күш салды. Іскер азамат шаруаның қай түрі болса да білек сыбана кірісе білді. Өсіресе, ерекшеліктері мен қиыншылығына қарамастан - құрылыс жұмыстарының кез-келген түрін тындырымды жүзеге асыра білді. Атқарған жұмыстарының санына емес, сапасына барынша назар аударып, уақытпен санаспай, ауданымыздың жоғарыдан жоғарыуына көп еңбек сіңірді. Сол жылдары Қайрат Өшірәліұлының тікелей араласуымен атқарған көптеген іс-шаралар жоғары деңгейде өтіп, аудан жүлделі орындарды иеленді. Атап өтсек, Қаратал ауданының 80 жылдық



мерейтойы, облыстағы аудандық мәдениет күндерінде Қаратал ауданының бас жүлдені (автокөлікті) жеңіп алуы. Адал еңбек жолында жеткен басқа да жетістіктері аз емес. Білікті басшының сындарлы еңбегі, ұтымды ұйымдастырушылығы ескерусіз қалған жоқ, әр кезде де ел мерейіне бөленіп келеді. Ауданға сіңірген ерен еңбегі еленіп, Қайрат Бисембаев «Қаратал ауданының құрметті азаматы» атағын иеленді.

Бес – алты жыл еліміздің бас қаласы – Астанада жоғары лауазымды қызмет атқарып жүрген

Турнир

Өткен сенбіде қалалық саябақтың ішінде Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесі аясында сұрапыл соғыстың ауыр шайқастарында, озбыр жаудың орда-сына ойран салған, ержүрек ежелеріміздің ізін басқан ұрпақ, бүгінгі заманның тұлпар мініп, ту ұстаған серкесі, милиция полковнигі Серік Оспанов сынды ер мінезді, қабылан жүректі азаматтың құрметіне шағын футболдан турнир болып өтті. Соғыс ардагерінің ұлы, әке аманатына адалдығын сақтап, ішкі істер органдарында көп жылдар бойы абыройлы қызмет атқарды.

ТҰҒЫРЫ БИІК ТҮЛҒА

Қаратал аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, Талдықорған облыстық мемлекеттік тергеу комитетінің төрағасы қызметтерінде ел тыныштығын сақтауға, халықтың азаматтық құқығын қорғауға өлшеусіз үлес қосты. Қазірде ішкі істер органдарының ардагері, заң ғылымдарының докторы, профессор Серік Жақыпұлы Алматы қаласындағы экономика және құқық академиясының ректоры. Тұғыры биік тұлғаның өнегелі істері жастарға үлгі болып келеді. Елінің көркеюі үшін аянбай қызмет етіп келе жатқан майталман азаматтың құрметіне өткізілген турнирге сайдың тасындай іріктелініп, 10 команда тандап алынды. Ашылу салтанатының шымылдығын аудан әкімі Қ. Ө. Бисембаев түріп, шара қаһарманының еңбек жолына тоқталып, ала допты өмірлеріне серік еткен спортшыларға аға ұрпақтың ізгі істерін жалғастыруды міндет етті. Әкелер ерлігімен суарылған жеңісті күндердің көп болуын аудандық мәслихат хатшысы Б. Ж. Смаилов, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, турнирді ұйымдастыру комитетінің төрағасы, полиция подполковнигі Махан Махатов та тіледі. Құттықтау сөз түйінін

Күрес

Наурыз айының соңында, қиырдағы Ақтөбе қаласында, жасөспірімдер арасында қазақ күресінен Қазақстан чемпионаты болып өтті. Еліміздің сан тарабынан жиналған бозбалар кілем төріне шығып әр салмақ дәрежесіндегі мықтыларды анықтады. Алматы облысы командасының құрамында Жетісу жерінің намысын жеңіл салмақта қараталдық Ө. Азбеков қорғады. М. Горький атындағы мектеп оқушысының балкері Мұратхан Бейсеновтың айтуынша үкілеп қосқан ұланымыз, аса жауапты сайыста өзін жақсы қырынан көрсете біліпті.



ӘЛИ АЗБЕКОВ КҮМІСПЕН КҮПТЕЛДІ

Алғашқы белдесулерден қарсыластарына лашын құстай шүйілген өреніміз, сол қарқынынан танбай ақтық сынға бірақ жетеді. Шырайлы Шымкенттің, көмірлі Қарағандының, әр Алтайдың және қарағайлы Қызылжардың сенім артқан серкелерінің жауырынын жерге тигізген Әли баламыз, финалда мұнайлы Атыраудың туын көтере келген ұланмен белдеседі. Шиыршық атқан екі жас, чемпиондық тәж үшін, боз кілемнің үстінде арыстандай арпалысып, жолбарыстай жұлмаласады. Біріне-бірі басымдық таныта алмай, ақ тер, көк тер болады. Күш-қуаттары мен техникалық шеберліктері деңгейлес болғандықтан төрешілер көпке дейін бір шешімге келе алмай, ақыр соңында бүйректері батыс өңірінің талапкеріне бұрылады. Сонымен Әли Ақтөбе шаһарынан күміс медальді кеудесіне тағып қайтады.

Жолаушылар поезынан түсе Талдықорған қаласына жол тартады. Онда дзюдо күресінен өткен Республикалық турнирдің додасында бақ сынайды. Наурыз мейрамына арналған жарыс болған соң, салмағы да ауыр тартқан сайыста ауданымыздың бетке ұстар палуандарының бірегейі көздеген межеден көріне біледі. Ақтөбедегі жан алысып, жан беріскен белдесулерден соң, әрі жол соғып шаршаңқырап қалғанына қарамастан табиғаты бөлек жапон күресіне бейімделуге тырысады. Дегенмен жарыс алдында арнайы жаттығу өткіз-бегендіктен жаңа әдіс- тәсілдерге бой үйрету қиына тиеді. Бел шешіп, тәуекел еткен соң аяғына дейін шыдауға тура келеді. Белдесуге шығарда ешкімнен қаймықпайтын, жүресініп қорықпайтын Мұратхан сынды білікті жаттықтырушының шөкірті татамиде ителідей жұтынып қарсылас біткенді жүндей түтеді. Тек, ақтық айқаста ғана онтүстүк аймақтан келген жұптасына ұтылуға мәжбүр болады. Осылай, екі бірдей республикалық сынақтардан олжалы оралған Азбеков алдағы аптада өтетін Алматы облысының кезекті чемпионатында, командалас серіктестерімен бірге, жарыс жолына шығады. Сәттілік тілейміз!

Ж. АҚЫЛБЕКҰЛЫ

ТЕМІР ЖОЛ - ҚАУІПТІ АЙМАҚ

2015 жылдың есептік мерзімі ішінде Үштөбе станциясындағы ЖПБ-не темір жол жаракаты салдарынан 2 адамның қайтыс болу фактісі тіркелді. Осы фактілер адамның темір жол қауіпсіздігін сақтамағандығынан, темір жолдан белгіленбеген жерден өтуінен болды. Үштөбе қаласының тұрғындарының назарына темір жол қауіпті аймақ болып есептеледі, әрбір істелген құқық бұзушылық, ол тек өзіндік өміріңізге қауіп келтірумен шектелмей, айналадағы тұрғындарға, сонымен жолаушылар поезының жолаушыларына қауіп келтіреді. Асы аталған қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін, әрбір тұрғын темір жол көпірімен, белгіленген қызметтік жермен немесе темір жол өткелдерінен өтуі қажет. Осы темір жолдан өту тәртібін мұқият орындаған әрбір адам өзінің және айналадағы қоғамның өмірін сақтай алады.

Үштөбе ст.ЖПБ тергеу бөлімшесі

кезінде де Қайрат Өшірәліұлы ауданымыздың тыныс-тіршілігінен қол үзген жоқ еді.

Биылғы жылдың басынан Қайрат Өшірәліұлы Бисембаев Қаратал ауданының әкімі болып тағайындалды. Қаратал өңірінің елі мен жері етене таныс, сонымен бірге ол ауданның қыр-сырын өте жақсы біледі, оған қоса, аймақты дамытуға сіңірген еңбегі де орасан. Өңір тізгінін қайта қолына ұстаған Қ. Бисембаев ұтымды ұйымдастырушылық танытып, алғашқы күннен-ақ Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өңірдің әлеуметтік – экономикалық дамуы жөніндегі маңызды тапсырмаларын тиянақты орындауға кірісіп кетті. Бүгінде биік белестерді бағындырып, жарғақ құлағы жастыққа тимей ауданның өніп, өркен жаюына бар күшін жұмсап жүр десек артық айтқанымыз емес. Уақыт талабына сай, ауылшаруашылығы бойынша қант қызылшасын өсіруді барынша молайту тұрғысында атқарып жатқан жұмыстары, «Сыбаға», «Құлан», «Агробизнес-2020» сонымен қатар «Қолжетімді баспана», «Бизнестің жол картасы-2020» т.б. бағдарламалар аясында көптеген жұмыстар атқаруда. Бүгінгі күн тәртібіндегі өзекті мәселе - елді мекендерді көркейту, көрік-тендіру, абаттандыру жұмыстарын



аудандық ішкі істер бөлімінің жаңадан жасақталып жатқан командасына, арнайы сый ретінде, өте әдемі он үш комплект спортшылар киімі (формасы) мен жоғары лигадағы кәсіби футболшылар ғана ойнайтын былғары доптарды тарту етті. Ендігі кезекте мұндай бес қаруы сай команда алаң төсінде тұлпар аттай ойқақтап, жеңістің төрінен көрінер деп ойлаймыз.

Марапаттау рәсімін мереке иесі Секен бастаған шенді тұлғалар жүргізді. Айта кетері аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері соңғы екі футбол турнирін де жоғары деңгейде ұйымдастыра білді. Ардагерлерін шақырып құрмет те көрсетті. Нендей іске де жауапкершілікпен қарап, біліктілік танытсаң, шықпайтын асу, алынбайтын қамал жоқ шығар.

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ

ҰБТ - 2015

ҰБТ тапсыратын жасөспірімдердің ата-аналарына психологиялық көмек

ҰБТ біздің елімізге осыдан он бір жыл бұрын, 2004 жылы енгізілген болатын. ҰБТ-нің басты идеясы – мектеп бітіру мен ЖОО түсу емтихандарын біріктіру, осылайша жасөспірімді екі рет: алдымен – мектептегі бітіру емтихандарын тапсыру кезіндегі, ал содан кейін ЖОО түсу емтихандарын тапсыру кезіндегі уайымдардан арылту болатын.

Алайда іс жүзінде уайым азаймады, керісінше барлығы басқаша болады: үдеріске қатысушылардың барлығы – оқушылар да, ұстаздар да және оқушылардың ата-аналары да ҰБТ-ға дайындық пен тапсыру кезінде күйгелектіктің, уайымның артатындығын айтады. Өйткені, оқушыға тапсырған емтиханы үшін бағаны, оны көп жылдар бойы білетін және оның нақты әлеуетін ұғынатын мектеп мұғалімдері қоймайды, барлығын компьютер шешеді, ал ол болса, барлық оқушыларға бірдей қараса, оның ешқандай бұрынғы еңбектерін бағалап, ескермейді. Компьютер тестілеуде түлек жіберген қателіктің кездейсоқ немесе бұл оның білімінің заңды нәтижесі екенін «көре алмайды». Мұндай жағдайда жасөспірімге ең алдымен ата-анасының көмегі қажет екендігі түсінікті. Бірақ бұл жерде шынықтығы айтуға тырысайықшы. Барлық ата-аналар бірдей өз балаларын нақты қолдай ала ма? Бұл сұрақтың жауабы: «Жоқ, барлығы бірдей қолдай бермейді!».

Көп ата-аналар керісінше, үрей тудырып, балаларына тым артық талап қойып та жатады. Біз әр ата-ана ҰБТ нәтижелерінің маңыздылығы, баланың денсаулығы мен оның эмоционалдық амандығы туралы қамқорлықты көлеңкелемеу керек екендігін түсінгенін қалаймыз. Өйткені алда әлі ұзақ өмір жатыр және де жасөспірім оған өзінің күшіне деген сеніммен, ата-анасы өзін түсінеді және қолдайды, тіпті егер бірден барлығы ойлағандай болмаса да, болашақта алға қойған мақсатына жету мүмкіндігі бар екендігі сезімімен қадам жасауы тиіс. Түлектердің ата-аналарының естен шығар-майтын ең үлкен қағидаты: ҰБТ-ге дайындық отбасын ажыратпай, керісінше, оның ауыз бірлігін күшейтуі керек! Отбасында өзара түсіністік, өзара

қолдау, құрмет пен сыйластық, сүйіспеншілік әлеуеті артуы керек! «Ұлы жол - үйіңді табылдырығынан басталады», - дейді емес пе қазақ нақылында! Сондықтан баланың көңіл-күйіне мұқият болған айрықша маңызды. Баланың шаршауына байланысты оның жағдайының төмендегенін ата-анадан басқа кім уақытылы байқап, алдын ала алады?

Психологтар, дәрігерлер мен ұстаздар баланың денсаулығына қамқорлық жасап, әр ата-ана ұстануы тиіс, өте маңызды ережелерді жасады.

БІРІНШІ ЕРЕЖЕ: Тек ата-ана ғана баланың режимін бақылап, бала ағзасына шамадан тыс күш түсуіне жол бермеуі тиіс. Көптеген балалар ҰБТ-ге дайындалу кезеңінде «асыра саналылық» танытып, күнүз де, түнде де дайындалады. Әдеттегі күн тәртібін, дағдылы гигиена ережелерін бұзады. Мұндай шектен тыс қарқынды ынталандырмау керек. Шамадан тыс күш жұмсап, жасөспірімнің денсаулығына зияндаы. ЕКІНШІ ЕРЕЖЕ: Ата-аналарға баланың дайындалуына үйдегілердің (әпке-қарындастары, аға-інілері, ата-әжелері) кедергі келтірмеуі үшін, сабақ оқуға арналған ыңғайлы орын ұйымдастыру міндеті жүктелген. Жасөспірімді бос әңгімеге, бірлесіп сериал көру мен осы сияқты міндетті емес әрекеттерге тартып аландатуға болмайды. ҮШІНШІ: Ата-аналар баланың тамақтануына айрықша назар аударуы тиіс: қарқынды ақыл-ой күші уақытында оған құнарлы, әртүрлі тағамдар мен теңгерімделген дәрүмендер кешені керек. Балық, ірімшік, жаңғақтар, кепкен өрік сияқты өнімдер бас миының жұмысын ынталандырады және оқу материалын меңгеруді жеңілдетеді. ТӨРТІНШІ: Сабақ демалыспен кезектестірілмеген кезде қатты шаршау, қалжырау орын алады. Ата-

заманауи талаптарға сай жүргізуге ерекше назар аударады.

Қайрат Өшірәліұлының көтерер жүгі мен атқарар істері әлі де көп. Әр адамның қоғамдағы орны еліне сіңірген еңбегімен өлшенетіні хақ. Ел мен жердің тағдыры басшылық тізгінін ұстаған жандарға тікелей байланысты емес пе? Осы тұрғыдан алғанда, жас та болса, бас бола білген Қайрат Өшірәліұлы Бисембаевтың Төңір берген қабілеті арқылы елге сіңірген өлшеусіз еңбегі мен өнегелі өмір жолы көпке үлгі.

Көздегені биік, елжанды, ұлтжанды іскер азамат бүгінде ердің жасы 50-ге толып отыр. Ел – жұртының мүддесін өз мүддем деп түсінетін адал азаматтың шаңырағына шаттық, отбасына амандық, деніне саулық тілейміз. Еңбегінің өнбегі еселене берсін, халқы қолдаған басшының әр қадамы сәтті болсын!

Ізгі ниетпен аудандық мәслихат депутаттары: Бақыт Смаилов, Саркыт Дөркенбаева, Базархан Байтаев, Біржан Құмаров, Серікқан Нұрлыбаев, Назкен Игенбаев, Рғайбек Жапарқұлов, Ұлбосын Досмолданаова, Алтай Смаилов, Мұрат Тілеубай, Исатай Молжітов, Владимир Ли.

«Менің Қазақстаным» поезы Үштөбеде

(Окончание.
Начало на 1 стр.)

В средней школе имени А. Пушкина состоялась встреча на тему «Особенности подготовки квалифицированных кадров для индустриально-инновационной экономики страны». В ней приняли участие руководитель РайОО Асхат Бейсбаев, директора и педагоги районных школ, старшеклассники, представители родительского комитета. Прибывшие специалисты, среди которых Абылайхан Акерке, заместитель директора Департамента высшего, послевузовского образования и международного сотрудничества МОН РК (Министерство образования и науки), Еркін Уйсимбаев, заместитель директора Департамента молодежной политики МОН, Калкен Жахин, главный эксперт Департамента дошкольного и среднего образования, информационных технологий МОН РК и другие, отвечали на вопросы о переходе на 12-летнее обучение и стратегических направлениях системы среднего образования. Чуть позже, на базе Бастобинского сервисно-технического колледжа состоялась встреча с молодежью в целях пропаганды престижа рабочих профессий.

После обеда высокие гости прибыли в село Бастобе, где у подножия горы с одноименным названием у монумента «Қазақ халқына мың алғыс», установленный в 2012 году Ассоциацией корейцев Казахстана прошел митинг. Память «Во имя будущего» - так называлось мероприятие, посвященное депортации народов в Казахстан. После церемонии возложения венков и минуты молчания, с речью выступили аким района Кайрат Бисембаев, депутаты Мажилиса Парламента РК Роман Ким, Ахмед Мурадов, ветераны труда Михаил Гвак, Шара Каймульдина, Валентина Ин, сценарист фильма «Жеруыйық» Лаврентий Сон и другие. Затем, в районном Доме культуры прошел семинар – тренинг с участием депутатов Мажилиса Парламента РК, членов Ассамблеи народа Казахстана по вопросам государственной этнополитики, формирования общественного согласия, культуры, толерантности и межэтнических отношений с организованной фото/книжной выставкой «Менің Елім – Мәңгілік Ел!».

Митинг у подножия горы Бастобе



В завершении официальной части в большом актовом зале райакимата прошел брифинг. Итоги прошедшей акции в своем выступлении озвучил глава района К. Бисембаев. Как отметил Кайрат Аширалиевич, в этот день одновременно в 18 местах проходили различные мероприятия. В общественной приемной на свои вопросы получили ответы 8 граждан, проконсультировались по социальным вопросам 14 человек. Обратились к медицинским работникам 297 пациентов, в т.ч. 59 детей. Направлены в клиники Астаны и Алматы 26 человек. Консультации по вопросам бизнеса и сельского хозяйства получили 56 действующих и начинающих предпринимателей, а также лиц желающих заняться бизнесом. По юридическим вопросам консультации получили 8 обратившихся. Более 50 человек – депутатов раймасс-



Закладка аллеи
«20-летию Ассамблеи НК»



Семинар в РДК



Брифинг акима района



Команда КВН

лихата, акимов горсельокругов, представителей ЭКО, НПО присутствовали на семинаре по вопросам межэтнического согласия. На митинге на горе Бастобе присутствовали более 150 человек. На встречах с представителями министерства образования РК с лучшими преподавателями района, руководителями учреждений образования, молодежью, на товарищеской игре КВН приняли участие более 1000 человек. Книжную выставку посетили более 400 человек.

На брифинге акима района выступил руководитель поезда, заместитель директора



На сцене - Женис Сейдоллаұлы

РГУ «Қоғамдық келісім» Газиз Телебаев, который дал высокую оценку проведенным мероприятиям. После этого, на центральной площади города, прошел большой праздничный концерт, с участием звезд казахстанской эстрады Ескендира Хасанғалиева, Нағимы Ескалиевой, Толкын Забировой, Дильназ Ахмадиевой, Алишера Каримова и других знаменитостей.

Кешке Үштөбе қаласының орталық алаңында жергілікті тұрғындар үшін Ескендір Хасанғалиев, Нағима Ескалиева, Алишер Кәрімов және тағы басқа әртістердің қатысуымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, кейін арнайы пойыз Үштөбеден Аягөз станциясына аттанды.

Следующей станцией остановки поезда «Менің Қазақстаным» будет город Аягөз.

Гостей сопровождали:
С. ДАРКЕНБАЕВА,
А. БУЛАВИН,
Л. ЖАНБОТА,

ӘКІМ ДЕ ЕГІСТІК АЛҚАБЫНДА...

Өткен аптада аудан әкімі Қайрат Бисембаев ауданымыздың егістіктерінің жай-күйімен егжей-тегжейлі танысты. Бірінші болып ат басын Балпық әулие ауылдық округіне тіреді. Ол жерде «Қаратал» АҚ иесі Серікжан Жексенбиевтың бидай егілген 50 гектар егістік алқабын аралады. Бұл көрсеткішті алдағы уақытта 300 гектарға жеткізу керек деген болжамын айтты. Келесі бет бұрған өңір Жолбарыс батыр ауылдық округі болды. Бұл аймақта «Күнжарықов» шаруа қожалығының басшысы Талғат Күнжарықов пен «Исапа» шаруа қожалығының жетекшісі Молжігітов Исапамен кездесті.

Егістіктерінің тырмалау, тазалау жұмыстары жүргізіліп, 270 гектары дән себуге дайын тұрғанын өз көзімен көріп, ризашылығын білдірді. Биылғы жоспар бойынша бұл көрсеткішті 360 гектарға жеткізуіміз керек деген ұсынысын айтты. Ендігі кезекте аудан басшысы Айту би ауылдық округіндегі егістіктерге тоқталып, жергілікті шаруалармен, қандас ағайындармен көптеген мәселелердің басын ашып, пікір алмасты. «2-3 жылдан бері игерілмеген жерлерді иелерінен заңға сүйене отырып қайтарып алып, егін салуға құлшынып жүрген қандас бауырларға беру керек», - деген ойын ашып айтты. Мұнда 5 гектардан 10 шаруа қожалығына берілген 50 гектар жердің арықтары ашылып, жиделерден тазартылып, егістікке дайындалып жатқаны анықталды. «Көкпекті» шаруа қожалығының басшысы Елубай Ахметқалидің жерін де көріп, дайындығымен танысты. «Үстіміздегі жылы Айту би ауылдық округі бойынша қант қызылшасын 110 гектар жерге саламыз деген болжам бар», - деген өңір басшысы егістік алқабын суғарып барып дән себу керектігін ескертті. Қайрат Әшірәліұлы Жасталап ауылындағы шаруа қожалықтарының да жерлерін аралап, дайындығына баса мән берді. Қорыта келгенде, аудан әкімі егіс алқаптарының жай күйімен көзбе көз танысып, дайындықтарына оң бағасын беріп, шаруашылықтардың егін салуға шын мәнінде кірісіп кеткеніне көз жеткізіп, еңбектеріне жеміс тілеп, өздерінің де ауданымыздың да қамбасын астыққа толтыруларын тіледі.

Бастау ақпарат

